

FTAMP 14.01.11

Ш.И.ДЖАНЗАҚОВА¹, Ф.Б.БАЗАРҒАЛИЕВ¹, М.Е.ШАПИЕВА¹, А.Д.КАЙДАРОВА²¹Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
(Атырау, Қазақстан)²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан), sholpan.dzhanzakova@mail.ru; gabit72_72@mail.ru;
nargiz.k003@mail.eu; <https://doi.org/10.51889/2020-4.2077-6861.03>**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ
САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ НЕГІЗІ***Аңдатпа*

Мақалада оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктерін айқындауда мемлекетіміздің негізгі құжаттарында қамтылған ережелер мен талаптарға, ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып әдіснамалық және практикалық маңызы ашылған. Экологиялық тәрбие жөніндегі ойтұжырымдарының қай-қайсысында да, адам баласының өзін қоршаған табиғатты саналы түрде қорғауға, ал табиғат байлығын мейлінше молайта түсудің тиімді жолдарын іздестіруге, табиғи ортада болып жатқан кері өзгерістерді қалпына келтіруге қызмет ету қажеттілігі экологиялық білім арқылы тәрбие беру жүйесін құрайтындығы тиянақты тұжырымдалған. Ұлттық салт дәстүрлер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, тиым сөздер, ырым-жоралар негізінде тұлғаның табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастырудың негізгі бағыттары бойынша экологиялық тәрбие берудің мүмкіндіктерін қарастырылған. Жалпы экологиялық жүйе білім мен тәрбиенің үздіксіз бір жүйесі ретінде, қоршаған ортамен өзара байланыста іскерлікті, білімді меңгеру, тұлғаның санасына, көзқарасына ықпал ету нәтижесінде экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғат адамның бойындағы мейірімділік, қайырымдылық, табиғи сұлулықпен қатар рухани құндылықтарының дамуына өте үлкен ықпал ететініне жан-жақты сараланған.

Түйін сөздер. экологиялық мәдениет; экологиялық тәрбие; табиғат; экологиялық білім; ұлттық салт-дәстүрлер; мақал-мәтелдер; жұмбақтар; тиым сөздер; ырым-жоралар; сүйіспеншілік.

Кіріспе. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «...Қазақ «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын», – деген болатын. Бұл бағдарламаның негізгі мәні мен мазмұны төмендегідей:

Біріншіден, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуды және елді мекендерді абаттандыру мен жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Болашақта, әр мектепте өз ауылы мен ауданының тарихын оқытатын «Өлкетану» пәні болуы тиіс де-

генге барып саяды. Тарихқа қызығушылық – өз ауылыңның тарихынан басталатыны дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома.

Екіншіден, басқа аймақта жүрсең де өз ауылыңды ұмытпай, оның дамуына үлес қосу қажет. ЖОО профессор-оқытушыларының өз ауылына қосар үлесі – адамзатқа рухани азық боларлық құнды туындылар ұсыну немесе мектеп оқушылары мен ұстаздарына барып тегін дәрістер өткізіп тұруды дәстүрге айналдыру.

Үшіншіден, жергілікті билік туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеуі қажет. Олардың тарапынан болмай жатса, оларды соған мәдениетті түрде икемдеп, иіп алып келу керек. Осы арқылы өз ауылыңның дамуына үлес қосудан асқан сауапты іс жоқ деген ұғым қалыптасуы тиіс. Яғни, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің өзегіне айналып, туған жерге

деген сүйіспеншілік туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласуы тиіс.

Тәртіпшіден, осы бағдарлама аясында Қазақстан бойынша қасиетті жерлердің тізімі жасалып, жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру мен патриотизмді дамыту бағытында ауқымды жұмыстардың жүргізіліп жатқаны белгілі. Қасиетті жер ұғымы – өз ауылының қасиетін түсінуден басталады. Әркім үшін өз ауылы қасиетті. Біз осы идеологияны насихаттауымыз керек, деп экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесін жандандыруға ықпал етеді [1].

Мақсаты. Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктерін айқындай отырып, экологиялық тәрбие жөніндегі ой-тұжырымдарының адам баласының өзін қоршаған табиғатты саналы түрде қорғауға, ал табиғат байлығын мейлінше молайта түсудің тиімді жолдарын іздестіруге, табиғи ортада болып жатқан кері өзгерістерді қалпына келтіруге ықпал ету болып табылады.

Зерттеу әдіснамасы. Қазіргі таңда экология ұғымының аумағы кенейді, тірі организмдерінің қарым-қатынастарымен бірге, табиғи қоршаған ортаны қорғау, табиғи байлықтарды қалпына келтіру, табиғатты сақтау негізінде қоғаммен үйлесімді дамуды қамтамасыз етеді. Қазақстанда әлеуметтік ортаның экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселелері «Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі Тұжырымдамасында» қамтылған бағыттар бойынша жүзеге асырылып отыр.

Экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі Қазақстан Республикасындағы «Білім туралы» Заңда [2], Қазақстанда айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы Заңында [3], Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» атты тұжырымдамасында [4], «Жоғары оқу орындарын да және жалпы орта білім беретін мектептерде экологиялық білім мен тәрбие беру тұжырымдамасында» [5] «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы аясында мемлекеттік саясат, қоғамдық талаптар, отбасылық тәрбие құндылықтары және тұлғаның жеке

мүдделері мен мақсаттарының теңгерімі негізінде, сондай-ақ оқу және тәрбие процестерінің өзара кіріктірілуі арқылы тәрбиенің әдіснамасын, мазмұнын жаңартуға, білім беру жүйесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға бағдарланған. Қазақ халқының басты ментальдік ерекшеліктері – туған елін, жерін сүю және отбасылық құндылықтарды қадірлеу, үлкенді сыйлау, толеранттылық, кең пейілділік, қонақжайлылық болып саналады.

Экологиялық тәрбие адамның бойында табиғатқа деген этикалық көзқарастардың және қарым-қатынас этикасының пайда болуын және қалыптасуын, табиғат ресурстарының жай-күйіне жеке жауапкершілік сезімі мен адамдардың олармен орынды әрекеттесуін, тәрбиелеуді көздейді. Экологиялық тәрбиенің негізі, ең алдымен, қоршаған ортаны және халықтың денсаулығын сақтау, елдегі экологиялық жағдай туралы халықтың хабардарлығын қамтамасыз ету болып табылады [4].

Тұжырымдамада тәрбиенің мақсаты мен міндеттері жан-жақты ашылып беріледі. Жалпы тәрбиенің мақсаты: ата-анасын қадірлеп, қастерлейтін, туған жерін, Отаны Қазақстанды сүйетін, қазақ тілін, мәдениетін, тарихын меңгерген және ардақтайтын, толерантты, халықтар достығын, ел бірлігін сақтайтын, дені сау, жан дүниесі бай, еңбекке бейім, ана тілін және шетел тілдерін білетін, сапалы білім алған азамат тәрбиелеу.

Тұжырымдамада тәрбие жұмысының басым бағыттарының бірі еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Бұл бағыттың мақсаты тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық пікірі мен кәсіби өзін-өзі анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру. Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын тәрбиелеу; табиғатқа аялы қарым-қатынасын, оның байлығын еселеу ұмтылысын қалыптастыру; балалар мен жастарда экологиялық сауаттылықтың «экологиялық санасының» жоғары деңгейін, табиғат пен қоғамның экоэволюциясын қабылдау қабілетін дамыту және күнделікті өмірде оларды басшылыққа алу үшін жағдай туғызу. Бағалау критерийлері

(қарым-қатынасы арқылы): экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне, экологиялық қызметтің уәждемесі мен тәжірибесіне; «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне, туған өлке табиғатына, жергілікті, аймақтық және ғаламдық экологиялық проблемаларға; табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әртүрлі қызметке; адамдардың өмір сүру жағдайын анықтайтын табиғат ортасына; «Жасыл экономикаға» және энергияны сақтауға; экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға; мемлекеттің, өз өлкесінің экономикалық дамуына, инновациялық технологиялар енгізуге; позитивті көзқарас танытуы.

Іске асыру механизмдеріне сабақтар, оқу пәндері, қосымша білім беру, волонтерлық қозғалыстар; экологиялық форумдар, ғылыми жобалар, туған өлкеге жасаған экспедициялар, туристік жорықтар, сенбіліктер, мектепті, ауданды, қаланы көгалдандыру және абаттандыру, жасыл желек отырғызу, «Жасыл ел» қозғалысына қатысу және т.б. Технология сабақтарындағы еңбек тәрбиесі, қосымша білім беру, мектептен тыс, сабақтан тыс іс-әрекеттер; кәсіпорындарға саяхаттар, тәлімгерлермен, жаңашылдармен, табысты кәсіпкерлермен кездесулер, тәлімгерлік, дуальдық білім беру, кәсіби шеберлік байқаулары, «Өмірді және мансапты жоспарлау», «Кәсіби сынамалар» жобаларын іске асыру; «Технология» пәнінің материалдық-техникалық базасын нығайту арқылы жүзеге асырылады. Тәрбие тұжырымдамасында да «Туған елге тағзым» өлкетану зерттеу экспедициясының атқарар іс-әрекеті де ұшан теңіз екені қамтылған [4].

Экологиялық білім беру мен тәрбие беру мәселесі Абай [6], Ы.Алтынсарин [7], Ш.Уәлиханов [8], Ж.Аймауытов [9], Ә.С.Бейсенова [10], А.Б.Самақова [10], Р.Сәтімбекова [11], Ғ.Сағымбаев [12], У.Танабаев [13], Қ.Н.Сарыбеков [14], Қ.А.Аймағамбетова [15], Г.Сәбденәлиева [16], О.Тұрмажанов [17] және т.б. еңбектерінде жан-жақты қамтылады.

Ж.Аймауытовтың «Тәрбиеге жетекші» атты еңбегінде «Табиғаттану пәні бойынша

мектеп бағдарламасын балалардың ұғымына лайықтап, төңіректегі өмірді, табиғатты бала өз бетімен қолма-қол айырып танырлық түрде жасау керек. Сонымен біздің ұстанатын жолымыз, бастауыш мектептің бағдарламасын бұрынғыдан өзгертіп, жергілікті табиғат жағдайына жалғастырып, өлкетану, отантану пәндерін алға қою керек», – деп табиғаттану бойынша жергілікті табиғат жағдайына жалғастырып, өлкетану, отантану пәндерін де оқытуды ұсынады. «Балаға ең қымбат нәрсе туған жері, туған жерінің табиғатын, оның құбылыстарын білу өте қызық. Мұндай оқыту жүйесі өмірге, табиғатқа терең мазмұнын беріп, баланың санасын жандандырып, төңіректегі әлемге терең көзбен қарауға үйретеді оқыту жүйесі өмірге, табиғатқа терең мазмұнын беріп, баланың санасын жандандыруға бағыттайды» [9].

Академик Ә.С.Бейсенованың басшылығымен «Жоғары оқу орындарын да және жалпы орта білім беретін мектептерде экологиялық білім мен тәрбие беру тұжырымдамасы» экологиялық білім мен тәрбие беруді, қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастырудың негізі болып табылады [5]. Осы тұжырымдамада көрсетілген талаптарды іске асыруға байланысты қазақтанда көптеген ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Қ.Н.Сарыбековтың «Қазақтың табиғат қорғау дәстүрлерінің тарихы мен тәрбиелік мәні» атты кандидаттық жұмысында ұлттық дәстүрлер, қазақтың табиғат қорғау салт дәстүрлерінің зерттей келе, оқу-тәрбие жүйесіне енгізе білді.

Бастауыш сынып оқушыларын айнала қоршаған орта табиғатын қорғауға тәрбиелеу әдіс-тәсілдерін талдап, адамзаттың осы ұстанымдарды қолдай отырып, қоршаған ортаны сақтаған жағдайда ғана, келешек ұрпақ үшін табиғи орта мен оның байлығын керегінше пайдалансақ, соғұрылым табиғаттың қоғамға берері мол деген тұжырымды қолдай келе, бастауыш буын оқушыларына қоршаған орта туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру, өскен

жерінің табиғатын құрметпен қарап, күтіп әрі аялауға үйрету әдістемесін жасады [14].

Г.М.Сабденалиева «Экологиялық тәрбие берудің педагогикалық шарттары» еңбегінде ұлттық мектептерде іске асырылып жатқан экологиялық тәрбие беру жұмыстарына сипаттама береді. Экологиялық тәрбие беру шарттары, экологиялық арнайы курс, факультативтік «этноэкология курсы үйірме, сыныптан тыс жұмыстар (апталық) мектептен тыс жұмыстар: танымжорық, осының барлығы экологиялық білім және тұлғаның адамгершілік қатынасы, табиғат қорғау, аялау т.б. жақсы қасиеттерді қамтиды», – дейді [16].

Жоғарыдағы ғалым-зерттеушілердің экологиялық тәрбие жөніндегі ой-тұжырымдарының қай-қайсысында да, адам баласының өзін қоршаған табиғатты саналы түрде қорғауға, ал табиғат байлығын мейлінше молайта түсудің тиімді жолдарын іздестіруге, табиғи ортада болып жатқан кері өзгерістерді қалпына келтіруге қызмет ету қажеттілігі экологиялық білім арқылы тәрбие беру жүйесін құрайтындығы тиянақты тұжырымдалған.

Нәтижелері және талқылануы. Жоғарыдағы ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып біз ұлттық салт-дәстүрлер арқылы тұлғаның табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастырудың негізгі бағыттары бойынша экологиялық тәрбие берудің мүмкіндіктерін қарастырдық.

Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан салт-дәстүрлер, ырым-жоралар, мақал-мәтелдер т.б. негізінде тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастыруда негізгі тәрбие құралы болып табылады.

Табиғатқа байланысты: «Жер адамның бесігі», «Жер-Ана, Ел-бала», «Жер асыраушы ана», «Жеріңді баптай білсең, астықты қаптай білесің», «Дана көптен шығады, дәрі шөптен шығады», «Ағаш ексең аялап, басыңды болар саябақ», «Бұлақты жер – тұрақты жер», «Басыңды көтеріп елден сұрағанша, басыңды иіп жерден сұра», «Жер тоймай, ел тоймайды», «Ексең егін, ішерсің тегін», «Ырыс есігі жер» т.б. мақал-мәтелдер табиғаттың, жер ананың адам өмірімен

тікелей байланысты екені және табиғаттың әр байлығы сенің өмірінде негізгі орын алатыны жүйеленіп беріледі.

«Жер асыраушы ана» деген тұжырымның өзі жер әлемінің сені дүниеге әкелген анаңмен бірдей салыстыруы сенің өміріндегі аялы, қымбат екенін көреміз. «Жер, – дейді Ыбырай Жақаев, – қасиетті де қастерлі жер. Сен ыстықсын бәрінен де. Сенің бойындағы өзекті жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар... Жер қандай қасиетті сөз. Осы бір сөзде бүкіл тіршілік тынысы тұрғандай». Осы сөзден жердің төсін еміп, жемісін теріп жеген адамзат нендей ғажаптарды жер бетінде жасайды. Жер, су, ауа – адам баласының ұрпағынан-ұрпағына мұра болып келе жатқан мол қазына. Әрбір ағашты, әрбір бұлақты, жалғыз дәнді де ыждаһаттылықпен сақтау, қамқор болу басты міндеттің бірі», – деп атап көрсетеді [18].

Ата-бабаларымыз табиғаттағы өзен, су, тау мен тастың, бұлақтардың халық үшін ырысты, берекелі жер екенін түсіндіре білген. Мәселен, «Сулы жер құрақсыз болмас, таулы жер бұлақсыз болмас», «Тау мен тасты су бұзар», «Тамшы тамып ақса, тасты бұзары кәміл», «Тау кезеңсіз болмас, өлке өзенсіз болмас», «Жердің сәні егін», «Жеріне қарай егін ек», «Егіндікті күзде суар, күзде суарсаң жүз суар», «Егін бітсе – елдің ырысы» деген тұжырымдардан ұлы даламыздың елге берер пайдасы мен ырыстығын айқындайды.

«Су дүниенің басы», «Судың да сұрауы бар», «Сулы жер, шулы – жер» т.б. халықтық тұжырымдардан судың адам үшін құндылығын, оның маңыздылығын, табиғаттың сыйы екенін айқын аңғарамыз.

Көшпелі қазақ елінің тіршілігінде табиғаттың орны ерекше болғаны, әсіресе таза мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабаларымыз жылдың төрт мезгілінде қыста қыстау, көктемде көктеу, жазда жайлау, күзде күздеу деп, төрт мезгілді дұрыс пайдалана білген.

«Бір қой егіз туса, бір түп бұта шөп артық шығады», – деп қазақтың көшпелі тіршілігінде табиғат заңдылықтарының ерекшелігін, табиғаттың сыйын суреттейді. Бабаларымыздың бізге қалдырған ауызекі

тұжырымы, мақал-мәтелдері өмір сүрудің алғы шарттарын көрсете отырып, табиғи тіршіліктің өзі өмір сүрудің тарихи алғы шарты екенін, маңыздылығын айқындай білген. Көшпелі тіршілікте болған еліміз «Жаман қойшы жайлауын бір күн жейді, жақсы қойшы жайлауын мың күн жейді», – деген тұжырымы, мал жайылымын дұрыс пайдаланудың өзі байлық пен барлықтың нағыз көзі екенін білдіреді. Міне, осыдан «Жайылымын тапса мал семіреді, қайырымын тапса жан семіреді», – деген мақал-мәтелдер жалғасын тауып, бірі екіншісінің маңыздылығын ашып, ұрпақтан-ұрпаққа жүйелі түрде сабақтастығын тапқан.

Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мақал-мәтелдер, ой-тұжырымдар тұлғаның бойындағы ойлау қабілеттерін, өз ойларын нақты түсінікті тілмен жеткізулеріне және табиғат анаға деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда жұмбақтардың тәрбиелік, танымдық маңызы ерекше. Жұмбақ ол педагогикалық технологияда тұлғаға миға шабуыл, сыни тұрғыда ойлау технологиялары бойынша әрекет етеді, оқушылардың білімін, жылдамдықтарын айқындауда да негізгі орын алады.

Қазақ халқының салт дәстүрлерінде ырымдар, тыйымдар, нақыл сөздер т.б. арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда негізгі орын алады. Әрбір ырым сөздің төңірегінде қоршаған ортаға, табиғатқа, тіршілікке, адамгершілікке, тазалыққа, көргенділікке қажетті қасиеттерді уағыздап, жаман іс-әрекеттен, жат пиғылдан безіндіретін түйіндер жатыр.

Жан-жануарларды қорғауға байланысты ырымдарға келетін болсақ, көшпелі тіршілікте малды киелі санаған. Малдың киесі, пірі болады. Жылқының пірі – Кам-

бар ата, қойдікі – Шопан ата, түйенікі – Ойсылқара, сиырдікі – Зеңгі баба деп, әр жануарға ерекше қараған. Мал сатқанда оны ноқтасымен немесе бас жібімен бермейді, малдың басы кемиді деп ырымдап, ноқтасын кері алып келіп мал қораға іліп қойған. Қойдың егіз табуы жақсылық деп бағаланса, бие, сиыр, түйенің егіз табуы жаман ырым деп қабылданған. Осындай түсінікке байланысты егіз төлдің бірін мал иесі кедей туысына берген. Түнде мал санамайды, ол жаман ырым деп есептелген. Міне, ата-бабаларымыз тіршілігіне қажет болған төрт түлік малды аса бағалаған.

Құстарға байланысты да ырымдар мен тыйымдарға келетін болсақ, ата-бабаларымыз қарлығаштың ұясын бұзуға болмайтынын, бозторғайды, аққуды, тырнаны өлтіруге болмайды, олар киелі құстар деп ескерткен. «Құмырсқаның илеуін бұзба» – деп құмырсқаның илеуін басуға, бұзуға болмайды деген ырым арқылы құмырсқаны сақтап қалу, орман-тоғайдың өсуіне қолайлы жағдай жасау т.б. тыйым сөздердің тәрбиелік мән-мағынасы оқушыларға экологиялық тәрбие беруде негізгі орын алатыны, өз өзектілігін жойған жоқ. Тыйым сөздер арқылы үлгі өнеге, ақыл-кеңес беру арқылы жаман әдеттен арылуға ықпалы мол. «Су – дүниенің басы», «Сүт анасы – бұлақ», «Суды сапырма, ластама, суға түкірме» деп рұхсат етпеген, тазалыққа шақырған.

Қорытынды. Жалпы экологиялық жүйе білім мен тәрбиенің үздіксіз бір жүйесі ретінде, қоршаған ортамен өзара байланыста іскерлікті, білімді меңгеру, тұлғаның санасына, көзқарасына ықпал ету нәтижесінде экологиялық мәдениетті қалыптастыру болып табылады. Табиғат адамның бойындағы мейірімділік, қайырымдылық, табиғи сұлулықпен қатар дененің дамуына өте үлкен ықпал етеді. Табиғатты түсіне білген адам кіршіксіз таза жан болып саналады.

Пайдаланған әдебиеттері тізімі

[1] Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан // Қазақстан халқына жолдау. – А., 2007. – 72 б.

[2] Білім туралы: Қазақстан Республикасы заң. – Алматы: Юрист, 2003. – 22 б.

[3] Қазақстанда айналадағы табиғи органы қорғау туралы: Қазақстан Республикасы заң. –1991. – 63 б.

- [4] Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы. – 22.04.2015. - № 227. – Астана, 2015. – 36 б.
- [5] Жоғары оқу орындарын да және жалпы орта білім беретін мектептерде экологиялық білім мен тәрбие беру тұжырымдамасы. – Алматы: Ғылым, 2004. – 32 б.
- [6] Абай. Қара сөздер. – Алматы: Ел, 1993. – 272 б.
- [7] Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994. – 285 б.
- [8] Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
- [9] Аймауытов Ж. Шығармалары / Құраст. М.Атымұмов, Қ.Керейқұлов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.
- [10] Бейсенова Ә.С., Самақова А.Б., Есполов Т.И., Шілдебаев Ж.Б. Экология және табиғатты тиімді пайдалану: Оқулық. – Алматы: Ғылым, 2004. – 320 б.
- [11] Сәтімбеков Р. Табиғатты қорғау. – Алматы: Рауан, 1992. – 2-8 б.
- [12] Сағымбаев Ф. Экология негіздері. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті. – 1995. – II-13 б.
- [13] Танабаев У. Халықтық дәстүрдің табиғат қорғауға тәрбиелеудегі маңызы. – Жамбыл, 1992. – 60 б.
- [14] Сарыбеков Қ.Н. Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрлері. – Жамбыл, 1992. – 11 б.
- [15] Аймағамбетова Қ.А., т.б. 12 жылдық мектептің 1-4 сыныптары (байқау нұсқасы). – Алматы: Атамұра, 2004. – 252 б.
- [16] Сәбденәлиева А. Экологиялық тәрбие беру мәселелері // Қазақстан мектебі. –2010. – № 3. – 74-81 бб.
- [17] Тұрмажанов О. Қазақ макал-мәтелдері. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 176 б.
- [18] Жарықбаев Қ.Б. Ақылдың кені. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 256 б.
- [19] Қаупебаева С.М. Қазақстандағы экологиялық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының үрдістері мен негізгі бағыттары: Оқу құралы. – Алматы. – 2014. – 180 б.
- [20] Омарова Р. Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың теориялық тұғырлары // Білім. – 2015. – № 3. – 28-31 бб.

References

- [1] Zhana alemdegi zhana Kazakstan // Kazakstan halkyna zholdau. – A., 2007. – 72 b.
- [2] Bilim turaly: Kazakstan Respublikasy zan. – Almaty: Yurist, 2003. – 22 b.
- [3] Kazakstanda ajnaladagy tabigi ortany korgau turaly: kazakstan Respublikasy zan. –1991. – 63 b.
- [4] Tarbienin tuzhyrymdamalyk negizderi: Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrinin bujrygy. – 22.04.2015. – № 227. – Astana, 2015. – 36 b.
- [5] Zhogary oku oryndaryn da zhane zhalpy orta bilim беретin mektepтерде ekologiyalyk bilim men tarbie беру tuzhyrymdamasy. – Almaty: Gylym, 2004. – 32 b.
- [6] Abaj. Kara sozder. – Almaty: El, 1993. – 272 b.
- [7] Altynsarin U. Tandamaly shygarmalary. – Almaty: Gylym, 1994. – 285 b.
- [8] Ualihanov Sh. Tandamaly shygarmalary. – Almaty: Zhazushy, 1985. – 560 b.
- [9] Ajmauytov Zh. Shygarmalary / Kurast. M.Atymov, K.Kerejkulov. – Almaty: Zhazushy, 1989. – 560 b.
- [10] Bejsenova A.S., Samakova A.B., Espolov T.I., Shildebaev Zh.B. Ekologiya zhane tabigatty tiimdi pajdalanu: Okulyk. – Almaty: Gylym, 2004. – 320 b.
- [11] Satimbekov R. Tabigatty korgau. – Almaty: Rauan, 1992. – 2-8 b.
- [12] Sagymbaev F. Ekologiya negizderi. – Almaty: Respublikalyk baspa kabineti. – 1995. – II-13 b.
- [13] Tanabaev U. Halyktyk dasturdin tabigat korgauga tarbieleudegi manyzy. – Zhambyl, 1992. – 60 b.
- [14] Sarybekov K.N. Kazak halkynyn tabigat korgau dasturleri. – Zhambyl, 1992. – 11 b.
- [15] Ajmagambetova K.A., t.b. 12 zhylydyk mekteptin 1-4 synyptary (bajkau nuskasy). – Almaty: Atamura, 2004. – 252 b.
- [16] Sabdenalievа A. Ekologiyalyk tarbie беру maseleleri // Kazakstan mektebi. –2010. – № 3. – 74-81 bb.
- [17] Turmazhanov O. Kazak makal-matelderi. – Almaty: Ana tili, 1993. – 176 b.
- [18] Zharykbaev K.B. Akylдын keni. – Almaty: Kazakstan, 1991. – 256 b.
- [19] Kaupеbaeva S.M. Kazakstandagy ekologiyalyk madeniетtin kalyptasuy men damuynyn urdisteri мен negizgi bagyttary: Oku kuraly. – Almaty. – 2014. – 180 b.
- [20] Omarova R. Ekologiyalyk madenietti kalyptastyrudyn teoriyalyk tugyrlary // Bilim. – 2015. – № 3. – 28-31 bb.

Формирования экологической культуры учащихся – основы здорового образа жизни

Ш.И.Джанзакова¹, Ф.Б.Базарғалиев¹, М.Е.Шапиева¹, А.Д.Кайдарова²

¹Атырауский государственный университет имени Х.Досмұхамедова
(Атырау, Қазақстан)

²Қазақский национальный педагогический университет имени Аба
(Алматы, Қазақстан)

Аннотация

В статье рассматривается методологическое и практическое значение определения особенностей формирования экологической культуры учащихся, опираясь на положения и требования, содержащиеся в основных документах государства, трудов ученых. Из выводов по экологическому воспитанию четко сформулировано, что человек должен служить осознанной защите окружающей природы, в поиске эффективных путей максимального воспроизводства природных богатств, устранение негативных изменений, происходящих в природной среде, совершенствовать систему экологического образования. Предусмотрена возможность экологического воспитания по основным направлениям формирования любви личности к природе, на основе национальных обычаев, пословиц, поговорок, загадок, запретов, обрядов. В целом экологическая система как непрерывная система образования и воспитания, основанная на овладении умениями, знаниями, связанными с окружающей средой, формировании экологической культуры в результате влияния на сознание и мировоззрение личности, в том числе и милосердия, благотворительности, естественной красоты, оказывает огромное влияние на развитие духовной качеств личности.

Ключевые слова: экологическая культура, экологическое воспитание, природа, экологическое образование, национальные традиции, пословицы и поговорки, загадки, запретные слова, суеверия, любовь.

Formation of ecological culture of students – the basis of a healthy lifestyle

Sh.Janzakova¹, G.Basargaliev¹, M.Shapieva¹, A.Kaidarova²

¹Atyrau State University after Kh. Dosmukhamedov
(Atyrau, Kazakhstan)

²Abai Kazakh National Pedagogical University
(Almaty, Kazakhstan))

Abstract

The methodological and practical importance of determining the characteristics of the formation of the ecological culture of students is studied in this article based on the provisions and requirements of the main documents of the state as well as the works of scientists. From the conclusions on environmental upbringing, it is clearly formulated that a person should serve consciously to protect the natural environment in the search for effective ways to maximize the reproduction of natural resources, eliminate the negative changes that occur in the natural environment and improve the system of environmental education. The possibility of environmental upbringing in the main areas of the formation of a person's love for nature on the basis of national customs, proverbs, sayings, riddles, prohibitions, ceremonies is provided. Generally, the universal ecological system as a continuous system of education and upbringing, based on the mastery of skills and knowledge related to the environment, the formation of a cultural environment as a result of influencing the consciousness and worldview of a person including mercy, charity and natural beauty has a huge impact on the development of a spiritual quality personality.

Keywords: ecological culture, environmental upbringing, nature, environmental education, national traditions, proverbs and sayings, riddles, forbidden words, superstition love.

Редакцияға 09.09.2019 қабылданды.